

Қазақстан-Американ "Скаббард-Алатау ЛТД" бірлескен кәсіпорнын (корпорациясын) құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 тамыз 1992 ж. N 677

Республиканың нарығын халық тұтынатын тауарлармен, тамақ өнімдерімен молықтыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсататын импорттық жабдықтармен жарақталған осы заманғы кәсіпорындар, өнімдерді бөлу жүйесін құру, ақпараттық, өндірістік технологияларды енгізу, бұл кәсіпорындардың мамандарын шетелдерде оқыту, шетел валютасының республикаға түсуін ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының бірлескен кооперативтері мен басқа да кәсіпкерлік құрылымдары одағының және "Скаббард" корпорациясының (АҚШ) Алматы қаласында қазақстан-американ "Скаббард-Алатау ЛТД" бірлескен кәсіпорнын (корпорациясын) құру жөніндегі инициативасы мақұлданын.

2. Аумақтарында қазақстан-американ бірлескен кәсіпорнынның филиалдары мен құрылымдарын орналастыру көзделіп отырған облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері қажетті қызмет және өндіріс үй-жайларын, өндірістік, тұрғын үй және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер құрылысы үшін жер учаскелерін бөлуге жәрдемдесетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі "Скаббард-Алатау ЛТД" бірлескен кәсіпорнын (корпорациясын) бірінші кезекте халықаралық және ішкі байланыс арналарымен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Қазақ азаматтық авиация басқармасы бірлескен кәсіпорнынның өтінімдері бойынша жүктердің жеткізілуін қамтамасыз етсін.

5. "Скаббард-Алатау ЛТД" бірлескен кәсіпорны (корпорациясы)

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен "Қазастықөнімі" концернінің қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен ұқсату саласындағы озық технологияның негізінде жеке меншіктегі кәсіпорындар, фермерлік шаруашылықтар құру жөнінде бағдарлама әзірлесін.

6. "Қазмұнайөнімі" концерні бірлескен кәсіпорынды өндірісінің көлемі қажетсінетін ауқымда жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК